



Ақмешіт

27 ақпан
сейсенбі
№17 (2027)
2024 жыл



Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы

Өткен жылы Сыр өңірінің мәдениет және өнер саласында көптеген жағымды жаңалық болғаны белгілі. Быыл да осы үрдіс жалғасып, игі шаралар ұйымдастырылмақ. Осыған орай сенбі күні облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев пен қала әкімі Серік Қожаниязов қаладағы бірқатар нысандарды аралады.

Енді бірінші UTC+5 уақыт белдеуі енгізіледі. Бұған дейін республикада UTC+5 және UTC+6 уақыт белдеуі қолданылған еді. Жыл басында «Қазақстан Республикасының аумағында уақытты есептеу тәртібі туралы» үкімет қаулысына өзгерістер енгізілді.



УАҚЫТ ӨЗГЕРЕДІ: БАСТЫСЫ – ХАЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҒЫ

Үкімет қаулысына енген өзгеріс 1 наурыздан бастап қолданысқа енеді. Осы кезге дейін еліміздің батыс өңірі мен Қызылорда облысы аумағы UTC+5, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының әкімдіктері, Ақмола, Алматы, Жамбыл, Қарағанды, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан, Шығыс Қазақстан облыстарында және Абай, Жетісу, Ұлытау облысы UTC+6 уақыт белдеуімен жүрді. Ал ақпанның 29-нан 1 наурызға қараған түні сағат 00:00 де бірінші уақыт белдеуі іске қосылады. Осылайша республиканың барлық аймағы UTC+5 уақытымен жүреді. Уақыттың өзгеретіні туралы ресми ақпаратты Сауда және интеграция министрлігі хабарлады.

– Қазақстан Республикасының аумағындағы уақытты есептеу тәртібі туралы» үкіметтің 2000 жылғы 23 қарашадағы №1749 қаулысына енгізілген өзгертулерге сәйкес, «Астана мен Алматының әкімдіктері, Шымкент, Ақмола, Алматы, Жамбыл, Қарағанды, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан, Шығыс Қазақстан облыстарында және Абай, Жетісу, Ұлытау облыстарында 2024 жылғы 29 ақпандан 1 наурызға қараған түні (сағат 00:00-де) жергілікті уақытты 1 сағат артқа қою керек, – делінген хабарламада.

Уақыт белдеуін өзгерту алдымен халықтың денсаулығы үшін қажет. Себебі адамдар биологиялық уақыт белдеуінде тіршілік етуі қажет. Бұл туралы ғалымдар біраз жылдан бері айтып келді. Бірнеше жылдан бері мұның өзекті мәселе екенін алға тартқан ғалымдардың пікірі ескерілді.

Ал министрліктегілер биологиялық уақыт ырғағының денсаулыққа әсері туралы:

– Адам ағзасы тәулік бойы гормондардың әсеріне ұшырайды және іс жүзінде барлық сергу, ұйқы, белсенділік, стресс, қалпына келтіру процестері және жалпы организмнің жұмысы гормондардың түзу уақыты мен деңгейіне тікелей байланысты. Гормондар түзуінің тәуліктік циклі организмнің тәуліктік ырғақтарымен реттеледі, олар табиғи, күн уақытымен басталады және синхрондалады. Бұл процесс басқа сыртқы факторларға бағынбайды, – деп түсіндірді.

Мамандардың айтуынша, биологиялық уақыт ырғағынан ауытқу иммунитеттің төмендеуіне, қатты шаршауға, ақыл-ой белсенділігі мен есте сақтау қабілетінің төмендеуіне әкеледі. Сондықтан бұл өзгеріс халықтың әсіресе, өскелең ұрпақтың дені сау болуы үшін қажет.

А.ӘЛІМ

САРАПТАМА

СҮР БОЙДАҚТАР АЗАЙМАЙ ТҰР

Қазақстанда сүр бойдақтар саны артуда. Мақалды қазіргі заманға сай өзгертсек, үй болу ғана емес, үйлену де қиындап кеткендей. Ұлттық статистика сайтындағы ресми мәліметтерге сүйенсек, кейінгі жылдары отау тігіп, отбасын құрушылар азайған. Мәселен, өткен жылы республика бойынша 120 мың неке тіркелсе, бұл 2022 жылғыдан 6%-ға аз.

Ал сандарды сөйлестік, былтыр неке кино коэффициенті 1000 адамға шаққанда 6%-ды құрапты. Яғни әр мың адамның алтауы ғана отау құрған. Бұл соңғы 19 жылда тіркелген ең төменгі көрсеткіш екен. Қазақ қыздары мен жігіттері неге үйленуден қашқақтап жүр? Сүр бойдақтардың көбеюіне не себеп? Не үшін үйлену керек? Бүгінгі буынның отбасын құруға деген көзқарасы қандай? Осы сұрақтар төңірегінде тақырыпты тарқатайық.



ҮЙЛІ БОЛМАЙ ҮЙЛЕНУ ЖОҚ

Отбасын құратындардың саны азайғанын атап өттік. Сондай-ақ өткен жылы 16,7 мың ажырасу тіркелген. Салыстырмалы түрде ажырасу оқиғалары 2022 жылғы деңгейден 5,3%-ға азайған. Айта кетейік, отбасын құру бойынша жыл сайынғы төмендеу Ұлытау облысынан басқа барлық өңірде байқалады. Бұл аймақта неке саны 57 бірлікке, яғни 1,5 мың бірлікке дейін өскен.

ҚР СЖРА Ұлттық статистика бюросының сарапшысы Бибігүл Мирасбек: «Шыны керек, соңғы жылдары неке кино динамикасы төмендеді. Неке аз тіркелген аймақтардың қатарында Түркістан, Қызылорда, Батыс қазақстан облыстары бар», – дейді.

«Жиырмаға дейін үйленбеген жігіт – халық жауы» дейді Бауыржан Момышұлы. Алайда жастардың ойынша бұл ұстаным қазіргі заманға, өмір сүру салтына сай келмейді. Қызылордалық Жансұлтан Қуандықұлының да пікірі де соған саяды. «Қазір нарықтық кезең. Жігіттердің кеш үйленуіне немесе сүр бойдақ боп жүруіне бірінші себеп – қаржылық тәуелсіздік пен үйінің жоқтығы деп ойлаймын. Отбасын құрған соң ешкім пәтер жағалап, көшіп-қонып жүргісі келмейді. Балаларың мен отбасының қауіпсіздігі, жайлы өмірі үшін бірінші баспанан болуы маңызды.

Адамдардың орташа айлығы мен күнделікті қажеттілігіне, өмір сүруіне кететін шығындары сай келе бермейді. Жеке өзіме қанша шығын кететінін есептесем, болашақ отбасым, әйелім мен балаларымның да шығынын жаба алатындай қаржылық жағдайым болуы керек секілді. Ата-аналар, үлкен буын бізге өздерінің өмір сүру салтымен қарайды. «Бас екеу болмай, мал төртеу болмайды» деп болжайды. Бірақ жігіттің де, қыздың да қаржылай тәуелсіз боп, сүйікті жұмысымен айналысып, «үйлену керек» деп үйленбей, өз қалауына құлақ асқанына не жетсін?!» – дейді ол.

Психолог Бағдауіл Ибрашевның пікірінше, жастардың отбасын құруға асықпауына бірнеше фактор әсер етуде. «Отбасын құрушылардың азауына елдің әлеуметтік жағдайы да, жастардың үйлену туралы түсінігі де, қоғамдағы ахуал да әсер етеді. Қазір үйленуге асықпай немесе үйлене алмай жүрген жастардың ата-анасы кеңестік кезеңнің адамдары. Ал ол кезеңде өмір сүрген адамдарда нақты идеал отбасы үлгісі болмағандықтан балада отбасы болуға қатысты түрлі стереотиптер қалыптасады. Отбасы құру қиын деген түсінік болуы мүмкін. Екіншіден, әлеуметтік жағдайдың тұрақсыздығы жеке басынан бөлек толық отбасыға жауапкершілік алуға қиындық туғырады. Үшіншіден, құндылықтардың өзгеруі немесе өсуі де үйленбей, ұзақ жүріп калуға себепкер болуы мүмкін. Яғни қыздардың құндылық тұрғысынан талабы көп», – дейді ол.

4-БЕТТЕ



ӨНЕР ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛУҒА ЖАҚЫН



«Ұлттық құндылықтарымызды дәріптеп, салт-дәстүрлерімізді насихаттау мақсатында халқымыздың жыл басы және жаңару айы – наурыздан бастап Сыр өңірінде биылғы жылды «Руханият жылы» деп жариялаймыз» делі облыс әкімі облыстық мәслихат сессиясында. Аймақ басшысы айтқандай, «Руханият жылында» Сыр өңірінде рухани, мәдени орталықтар ашылмақ.

Алдымен облыс басшысы жақында пайдалануға берілетін «Өнер орталығы» барды. Айта кетейік, ғимараттың іргетасы 2022 жылдың қыркүйек айында қаланды. Құны 3,7 млрд теңгені құрайтын екіқабатты ғимаратта симфониялық, эстрадалық және ұлттық өнер бағытындағы концерттік бағдарламалар, түрлі форматтағы тұсаукесер рәсімі жаңа орталықта өтеді деп жоспарлануда.

Ғимарат заманауи сәулет үлгісімен салынған, жаңа құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген. Мың адамға арналған мәжіліс залы, үйірме бөлмелері жұмыс істейді. Әсем ғимарат қаладағы көрікті нысандардың біріне айналып үлгерді. Алдағы уақытта жұртшылық жиі бас қосатын руханият ордасына, жас жеткіншектер бос уақытын тиімді өткізетін орынға айналады.

БАЛАЛАР ЛАГЕРІНІҢ ЖҰМЫСЫ ҚАЛАЙ?

«Өскекең ұрпақтың үйлесімді дамуы мен бақытты балалық – бұл біздің жалпымұлттық міндетіміз» делі Мемлекет басшысы. Иә, расымен балаларға ерекше назар аудару керек. Себебі олардың амандығы – мемлекетіміздің жарқын болашағының сенімді кепілі. Сондай-ақ олардың жақсы демалуына да барлық жағдай жасалуы тиіс.

Қос әкім «Арай-Sunrise» балалар демалыс лагерінің жұмысымен танысты. Демалыс орны 1997 жылы пайдалануға берілген. Мұнда жаз мезгілінде мыңға жуық жасөспірім демалады. Балалар көрмендерге концерттерді кәсіби әрі жанды дауыста ұсыну үшін симфониялық оркестр құрылды. Ұжымның салтанатты тұсаукесер рәсімі жаңа орталықта өтеді деп жоспарлануда.

Ғимарат заманауи сәулет үлгісімен салынған, жаңа құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген. Мың адамға арналған мәжіліс залы, үйірме бөлмелері жұмыс істейді. Әсем ғимарат қаладағы көрікті нысандардың біріне айналып үлгерді. Алдағы уақытта жұртшылық жиі бас қосатын руханият ордасына, жас жеткіншектер бос уақытын тиімді өткізетін орынға айналады.

Ақтолық НҰРЛЫБАЙ



БАЛАҒА МҰРА ҚАЛДЫРҒЫҢ КЕЛСЕ, ӨНЕР ҮЙРЕТ

3-БЕТТЕ



ТИТОВ ТҰРҒЫНДАРЫ ТАЗА АУА ЖҰТАТЫН КҮН ЖАҚЫН

2-БЕТТЕ

АУЫЛҒА ОЙЫН АЛАҢЫ ҚАЖЕТ

Өткен аптада қалалық мәслихаттың кезектен тыс XVI сессиясы өтті. Мәслихат төрағасы Ибадулла Құттықожаев төрағалық еткен сессия отырысына қала әкімінің орынбасары Дархан Тұрсынбаев, бөлім басшылары, кент және ауылдық округтердің әкімдері мен БАҚ өкілдері қатысты.

Отырыста «2024-2026 жылдарға арналған Қызылорда қаласына қарасты кент және ауылдық округтердің бюджеттерін бекіту туралы» Қызылорда қалалық мәслихатының 2023 жылғы 22 желтоқсандағы шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы және «Қызылорда қалалық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы» мәселелер қаралды.

Күн тәртібіндегі кент және ауылдық округтердің бюджетіне енгізілген өзгерістер бойынша қалалық экономика және қаржы бөлімінің басшысы Гүлнар Баймаханова баяндады. Сонымен қатар №23 сайлау округінен сайланған мәслихат депутаты Мейрамбек Есжанов Талдыарал елді мекеніне балалар ойын алаңын салу және Қызылөзек, Ақжарма ауылдық округтеріндегі аяқсу мәселесін шешу туралы ұсыныстарын жеткізді. Айта кету керек, бұл халық қалаулысы сайлаушыларымен жиі кездесіп, олар көтерген мәселені әр мәслихат сессияларында талқылап отырады.

– Мемлекет басшысы «Ұлт денсаулығын бекемдеу мәселесі өте

өзекті. Барлық жас санаты арасында бұқаралық спорт түрлерін насихаттай



беру керек. Балалар үшін спорттық инфрақұрылымның барынша қолжетімді болуын қамтамасыз ету керек» деген еді. Сол секілді балалардың ойын алаңына да барынша көңіл бөлу қажет. Кей елді мекендерде ойын алаңдары жоқпын қасы. Осы орайда әр балаға болашағымыз деп қарайтын болсақ, олар үшін ойын алаңын салуды қолға алу керек.

Жалпы қалаға жақын орналасқан ауылдарда көптең қалауы орындалып, жайлы инфрақұрылым жүйелері жасалуда. Бірақ сонда да болса, бізде аяқсу мәселесі бар. Қалаға қарасты Қызылөзек, Ақжарма ауылдарындағы аяқсу мәселесінің шешілуін аяқсыз қалдырмауымыз қажет. Алдағы уақытта бұл бағытта жұмыстар атқарылуы тиіс, – деді халық қалаулысы.

Сессия соңында депутаттар қаралған мәселелерді мақұлдап, елді мекендердегі атқарылуы тиіс жұмыс барысы аяқсыз қалмайтынын, халық игілігі үшін оңтайлы шешілу жолдары қарастырылатынын айтылды.

Ақтолық НУРЛЫБАЙ

Қалада құрылыс қарқынды жүруде. Бұл салада атқарылған жұмыс барысын қалалық құрылыс бөлімінің басшысы Айдын Әнуар БАҚ өкілдеріне берген брифингте мәлімдеді.



ТИТОВ ТҰРҒЫНДАРЫ ТАЗА АУА ЖҰТАТЫН КҮН ЖАҚЫН

Мәселен, Талсуат және Қарауылтөбе елді мекенінде 150 орындық клуб, Тасбөгет кентінде дене шынықтыру-сауықтыру кешені пайдалануға берілсе, Ақсуат, Қосшыңырау ауылдық округтері «көгілдір отынға» қосылған.

– Қалада тұрғын үй құрылысы қарқын алып, халықты баспанамен қамту көрсеткіші артып келеді. Өткен жылы сол жағалауда 470 пәтерді құрайтын 10 ипотекалық тұрғын үй және жаңадан 7 қабатты 84 пәтерлі ипотекалық 6 тұрғын үй құрылысы басталды. Сонымен қатар 5 қабатты 40 пәтерлі 10 тұрғын үй және 84 пәтерлі 7 қабатты 10 тұрғын үйдің құрылысы басталды. Бұдан бөлек, кезекте тұрған отбасыларға 908 пәтер берілді, – деді Айдын Серікқұлы.

– «Инженерлік инфрақұрылымды дамыту» бағдарламасы аясында Жас Алаш және Теректі көшелері, Орбита, Эдельвейс, Еңбек, Болашақ бау-бақша саяжайларына ауысу жүйесі жүргізілген. Бәйтерек тұрғын ауданындағы тұрғын секторына ұңғыма бұрғылау мен су жинағыш салу жобасы халық игілігіне пайдалануға берілген. Досан, Абай, Бірқазан елді мекеніндегі көшелерге, Тасбөгет кентіне, Сабалақ саяжайына, Қарауылтөбе ауылдық округіне қарасты кіре беріс жолдың бойында орналасқан жаңа қоныс аумағына, Сарысу, Шорғазы көшелеріне малтатас жол төселген.


Келесі ауқымды жобаның бірі – аймақ басшысының қолдауымен Қорқыт ата әуежай кешені демеушілер тарапынан салынууда. Осы терминал өткен жылы барлық инженерлік жүйемен қамтылса, биыл әуежай аумағын абаттандыру жұмыстары басталады.

– «Ауыл – ел бесігі» жобасы шеңберінде Ақсуат ауылдық округіне қарасты жаңа қоныс аумағы, Досан, Қызылжарма, Айнакөл, Қараөзек елді мекендері мен Қараөзек бекетіне электр желісі жүргізіледі. Ал «Инженерлік инфрақұрылымды дамыту» бағдарламасы аясында «Бәйтерек» шағын ауданындағы тұрғын үйлер газбен және сумен жабдықтау жобасы бюджетке ұсынылды. Белкөл кентіндегі Жерулық, Сарыарқа, Бірлік көшелері, Жас Алаш және Теректі, Сарысу көшелеріне электр желісі жүргізіледі. Сарысу көшесінде ауысу құрылысы және Қызылжарма ауылына тас жол құрылысы жүргізіледі. «Сумен жабдықтау және су бұру желісін қайта жаңғырту жобасы аяқталады. Универсам, Шымбай аумағында сумен жабдықтау және су бұру желісін қайта жаңғырту жобасы аяқталады. «Қызылорда қаласында ағын суларды биологиялық тазарту станциясын жаңарту және автоматтандыру» жобасы аяқталады. Нәтижесінде Титов тұрғын ауданындағы жағымсыз иіс азаятын болады, – деп қорытындылады бөлім басшысы Айдын Әнуар.

М.ЕРІШ

Өткен аптада қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Кенжетүл Құрақбаева БАҚ өкілдеріне брифинг берді. Онда халықты жұмыспен қамту аясында бойынша атқарылған жұмыстар туралы айтты.

ҚАЙДА ЖҰМЫС БАР?



– Мемлекет басшысы 10 мың адамға 100 жаңа жұмыс орнын ашу жөнінде тапсырма берген болатын. Осыған орай, қалада 5820 жаңа жұмыс орны ашылды. Ал өткен жылы қалада 13539 жаңа жұмыс орны ашылып, жыл бойына қалалық «Мансап» орталығына 22442 адам жұмыс іздеп хабарласқан. Оның 16954-і уақытша жұмысқа жолдама алса, қалған 5478 азамат тұрақты жұмысқа орналасқан. Сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі жандар арасында 1217 адам жұмыс іздеуші ретінде хабарласса, оның 304 квота бойынша тұрақты жұмысқа жолданған. Одан бөлек, пробация қызметінің есебіндегі 130 адам жұмыспен қамтылды, – дейді Кенжетүл Құрақбайқызы.

«2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі» Ұлттық жобасы арқылы 25 азамат қысқа мерзімді кәсіптік оқытуға жолдама алған. Ал «Жаңа бизнес – идеяларды іске асыру» жобасы бойынша 461 азамат мемлекеттік грантқа ие болған. Ал қоғамдық жұмыстарға 3194 адам мен әлеуметтік жұмыс орындарына 189 азамат жолданса, «Жастар тәжірибесі» бойынша 1381 жас маман жолдама алған. 70 маман «Алғашқы жұмыс орны» жобасы арқылы жолданған. Сонымен қатар «Ұрпақтар келісімшарты» жобасы бойынша 4 адам жолдама алса, «Күміс жас» жобасы бойынша 798 зейнет жасына жақындаған жастағы азамат жұмысқа жолданған.

Айта кететін жайт, әлеуметтік сала бойынша 6136 отбасыға әлеуметтік көмек төленіп, 1-6 жас аралығындағы

9800 балаға қосымша төлем төленген. Ал табысы аз отбасындағы 7290 балаға жолда жүру ақысы аударылса, аз қамтамасыз етілген 1061 адамға тұрғын үй көмегі көрсетілген. Одан бөлек, жеке көмегі әлеуметтік қолдауды қажет ететін 3375 адамға әлеуметтік төлем жүргізілген.

Мүмкіндігі шектеулі жандар арасындағы I топ мүгедектері бар жандарды оңалту шарасы бойынша 1139 адамға жеке көмекші берілсе, есту кемістігі бар адамдарға 17 ымдау тіл маманы қызмет көрсетеді. Мұнан бөлек, 13 инватакси қызмет көрсетсе, үй жағдайында оқитын мүгедектері бар 536 балаға әлеуметтік төлем жүргізіліп, 6199 мүгедектері бар жандарға гигиеналық құралдар мен техникалық-компенсаторлық құрал берілген. Сондай-ақ 1500-ге жуық көпбалалы отбасына «Мүз айдыны» және «Евразия» спорт кешеніне жолдама берілген. Ал 4227 отбасыға демеушілер көмектескен.

Бұдан бөлек тұрғылықты жері жоқ адамдарға арнайы бейімдеу орталығы арқылы 143 қызмет алушыға арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетілсе, зейнет жасындағыларға жартылай стационарлық жағдай жасалған.

Жалпы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы 470 ардагерге күнделікті арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетіп, «Отбасын қолдау» орталығы мамандары 1201 адамға кеңес беру жұмыстарын жүргізді.

Н.А.ТҒЫН

КІМДЕРГЕ ПӘТЕР БЕРІЛЕДІ?



Қалалық тұрғын үй инспекциясы бөлімінің басшысы Абзал Рысбек БАҚ өкілдеріне берген брифингте көп көкейіндегі сауалдарға жауап берді.

Қазіргі таңда Қызылорда қаласы бойынша тұрғын үйге мұқтаж адамдардың 6 дара тізімі бойынша 26 762 отбасы кезекке тіркелген. Тұрғын үйге мұқтаж азаматтарды есепке алу және кезекке қою «Kezekte.kz» ақпараттық жүйелер платформасындағы «Shanugaq» ақпараттық қызметінде жүзеге асырылады.

– Өткен жылы тұрғын үйге кезек реттілігін түгелдей жүргізді. Мекенжайы ауысуына, меншігінде тұрғын үй болуына және статусының жойылуына байланысты 2681 азамат тұрғын үй кезегінен шығарылды, – деді бөлім басшысы Абзал Рысбек.

Арендальдық тұрғын жайдан бөлек, кезекте тұрған азаматтарға «Нұрлы жер» мемлекеттік тұрғын үй құрылысы бағдарламасы аясында төмен пайызбен жеңілдетілген несие беру жұмысы жалғасын тауып, өткен жылы СПМК-70 тұрғын

ауданынан 500 пәтерлік 10 ипотекалық тұрғын үй төлем қабілеті бар азаматтарға берілген. Конкурса қатысуға өтініштер «Отбасы банк» АҚ арқылы қабылданған.

– Қазіргі таңда тұрғын үй алу кезегіне «апатты үйлер» санаты бойынша 635 отбасы тіркелген. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен апаттық жағдайда деп танылған азаматтарға 2021 жылы сол жағалау шағын ауданында салынған көпқабатты тұрғын үйден 93 отбасыға, 2022 жылы 60 отбасыға, 2023 жылы 40 отбасыға жаңа пәтер табысталды. Биыл мемлекеттік тұрғын үй қорынан 2007-2008 жылдары кезекте тұрған халықтың әлеуметтік осал топтары мен жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналдық пәтер беру жоспарланып отыр. Айта кету керек, ҚР «Тұрғын үй қатынастары туралы» заңына

сәйкес азаматтарға пәтер тек кезек реттілігіне сәйкес беріледі, – деді бөлім басшысы Абзал Рысбек.

Тұрғын жайды жалдау ақысы субсидиялау бағдарламасының шарттарына сәйкес келетін азаматтар otbasybank.kz платформасы арқылы өтінім бере алады. Жалдау төлемдері бойынша субсидия алуға төрт санат бойынша (I және II топтағы мүгедектері бар азаматтар, мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеп отырған отбасылар, жетім және ата-анасының қамқорлығын айырылған балалар, көп балалы отбасылар) кезекте тұрған азаматтар үміткер бола алады. Бағдарламаның ерекшелігі арендалық үйді өздері таңдайды және 50%-ы мемлекеттік субсидиямен қамтылады, ал қалған 50%-ын алушы өзі төлейді.

М.САҒИ

ЖАҢАЛЫҒЫ КӨП САЛА

Сондай-ақ қала және кент, ауылдық округтердегі клуб пен мәдениет үйі жанынан барлығы 89 үйірме жұмыс жасап, оған 1043 көркемөнерпаз қатысқан. Бұдан бөлек, кітапханаға келген оқырман сұранысын қанағаттандыру, сапалы қызмет көрсету мақсатында 21 кітапханада 1801 кітап сандық форматқа көшірілген.

– Бөлімге қарасты Қажымұқан Мұнайтыпсулы атындағы спорт клубында 13 спорттың түрінен үйірме қала тұрғындарына ақысыз негізде қызмет көрсетуде. Жыл көлемінде Қажымұқан Мұнайтыпсулы атындағы спорт клубының спортшылары Қазақстан Республикасы мен Азия чемпионаттарында және Олем чемпионаттары мен кубоктарында 136 рет жеңіс

тұғырына көтерілді, – деді бөлім басшысы Жағыпар Айтбайұлы.

«Физиологиялық ерекшелігі бар жандардың талантын шыңдау мен өнерін көпшілікке насихаттау мақсатында 2022 жылы үйірме болып ашылған инклюзивті театр облыс әкімдігінің қолдауымен өткен жылы С.Майқанова атындағы Мәдениет үйі жанынан театр болып құрылған. Сондай-ақ «Сырлы саз» халықтық фольклорлық ансамблі қайта құрылып, ұлттық аспаптардың үнімен мерекелердің сәнін келтіріп, ұлттық мәдениетіміздің дамуына үлес қосуда. Ал биылдан бастап «Жастар театры» дербес мекеме болып құрылып, өз жұмысын жалғастыруда.

А.Токмағанбетов атындағы мәдениет үйінде «Сықрылы айна»

халықтық балалар қуыршақ театры, «Мереке» вокалды аспапты ансамблі, Қызылжарма ауылдық клубында «Қожабековтер» отбасылық ансамблі халыққа мәдени қызмет көрсетуде.

Айта кету керек, 2024 жылы тойланатын мерейтойлар аясында түрлі мәдени іс-шаралар ұйымдастыру жоспарға қойылған. Елді мекендердегі халықтың мәдени нысандарға қолжетімділігін арттыру, балалар мен жасөспірімдерді мәдени тәрбиенен қамту мақсатында «Адал адам» мәдени-тарбия орталығы жобасы аясында түрлі бағыттағы мәдени-көпшілік іс-шаралар өткізілетін атап айтты.

Марина САҒИДАТБЕК

Қызылжарма ауылдық мәдениет үйі жанынан құрылған «Қуаныш» әжелер ансамблі 2014 жылы өнер көрсете бастаған. Бойдағы тамаша таланттынан бөлек ұрпақтан ұрпаққа ұласып, ғасырдан-ғасырға жалғасып келе жатқан тәрбиенің қайнар көзін келешек өскінінің бойына дарытуды мақсат еткен ансамблдің құрылғанына биыл 10 жыл. Құрамында он төрт мүшесі бар ансамбль әжелері Қызылжарма ауылында түрлі салада еңбек еткен.

ӨНЕРЛІ ӘЖЕЛЕР АНСАМБЛІ

Алдымен өнер ұжымымен таныс болыңыздар. Бидаш Ермағамбетова – домбыраны, былтыр 70-ті алқымдаған ақ жаулықты әже. Бибіхадидша Рахымжанова – Мәдина Ералиеваның даусын сомдап, «Тірілген дауыс» деген атпен ауыл ішінде танылған. Ұлбике Еділова – мұсылмандық парызын орындаған қажы болса, сіңісі Гүлзада

шырқап қана қоймай, қазақтың ұмыт болған салт-дәстүрін қайта жаңғыртудамыз. Бойында талантты бар әжелерімізді халық алдына шығарып, ұлттық өнерді дәріптеуді мақсат еттік. Ансамбльді құрарда артыма із қалдырғым келді. Көненің көзі, асылдың сынығы әжелерден топ құруды қолға алдым. Ауыл әкімінің орынбасары Смайлова

ән шырқап, Қуаныш Ахметқызы баянмен сүйемелдейді. Топта екінші дауыста орындай алатын жалғыз әжем – Гүлжан Тәшенова. Бүгінде ансамбльдің гимне айналған «Қызылжарма ауылым» әні өз орындаушысын тапқандай.

Ансамбль ашылған жылы-ақ, Абай ауылында өткен «Дәстүрдің бал қаймағы – әжелер» атты

әжелеріміз Иманғалиева Гүлжан немересі Бактыбай Айыммен, Ермағамбетова Бидаш немересі Талғат Бексұлтанмен, Еділова Ұлбике немересі Өмірсерік Ақкермен бірге «Әжем айтқан ертегі» байқауында бақ сынап, қоржынын жүздеген толтырған.

– Сарыағаш шипажайында ем қабылдап жүргенмін. «Әжем айтқан ертегі» байқауын «Тәкку» арнасы беріп жатыр екен. Сол байқауға қатысқан өзімді және ансамбль мүшелерін көріп қатты қуандым. Сарыағаш қаласында жүріп теледидардан ансамблдімізді бүкіл Қазақстан тамашалағанына дән ризамын, – деді Ұлбике Еділова.

Ансамбльдегі әжелер бала кезінен әнші болуды армандап, алпысты алқымдаған шағында армандары орындалған. Қаннан дарып, бойға сіңген қоныр дауыс иелері сыңғырлаған үнімен көптің көзайымына айналып жүр. Ансамбльді ешкім қаржыландырмаса да өз күштерімен аяққа тұрған. Қаладағы кей мерекелік жиының салтанатын «Қуаныш» әжелер ансамблі ашады екен. Әжелер ансамблінің мүшелері айтқандай, Қырымбек Көшербаев аймақ басшысы болған кезде өнерлі топтың өлеңін талай тыңдаған.

– Әжелеріміз өнегелі ене, ардақты әже атанып, бір-бір шаңырақтың ұйытқысы, ақыл айтар ақ жаулықты анасы атанып отыр. Жастары жетпіске таяса да, белсенділігіне тәнтіміз. Ұлттық өнерімізді өрбітіп, төрмізге шығаруға келеді. Әрқайсымыз мақтанамын, – деді ансамбль жетекшісі.

«Қуаныш» әжелер ансамблінің 11 сәуір күні Асқар Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйінде «Биыл бізге – 10 жыл» атты шығармашылық кеші өтті. Ұлттық нақышта сахнаға сәні берген, көрерменге әр берген ақ қимешек киген әжелеріміз қазақ анасының болмысын ашып тұрғандай.

Марина САГИДАТБЕК



Еділова – күміс көмейі әнші. Раушан Тәшенова – анандан бойына дарыған сынықшы. Ал сіңісі Гүлжан Тәшенова – республикалық акындыр мұшайрасының жеңімпазы. Күміскұл Сәтбаева – баяншы, балабақшада әннен сабақ берсе, Гүлжан Иманғалиева – тігінші, жеке дауыста ән салады. Сәнтай Нұрмаханова мен Соуле Тайбекова – батағой, он сауағынан өнер тамған ісер. Кәмілә Жолаева – көмейіне бұлбұл ұялаған, диапозоны кең, ерекше дауыс иесі. Света Бикешова мен Ақманат Бекетова – музыкалық аспаптың сүйемелдеушісі ән шығаратын дарын иелері.

– Он жылдан бері сахна төрінде өнер көрсетіп келеміз. Ән

Сәрсеннің ықпалымен ансамбльді құрдым. Талай аяқ тартып, атымсыздан ат үркітін дәрежеге жеттік, – деді ансамбльдің жетекшісі Қуаныш Ахметқызы.

Ансамбльдің атауын жетекшінің құрметіне «Қуаныш» деп әжелердің өзі атаған. Қуаныш Ахметқызы – халықтың сүйіктісіне айналған әнші, баяншы. Бақыттың өнер мен өмірден тапқан батыр ана.

Ұлттық нақышта оюланған аппақ шағаладай көйлек пен көздің жауын алған қимешекті ансамбль мүшесі Раушан Тәшенова тігеді екен. Әр концертке жарқырап жана киммен және мерекелік әуенмен баратынын айтты. Ансамбль патриоттық, фольклорлық бағытта

калалық байқауда бақ сынап, II орынды еншілеген. Алматыда өткен республикалық 55-90 жас аралығындағы ансамбльдер арасындағы байқаудан бас жүлде алса, өнерлі топтың екі мүшесі жеке дауыста ән шырқап, жүлделі орын алған. «Ел іші – өнер кеніші» байқауында 3 жыл қатарынан бас жүлдені бермей келеді. Ал наурыз айында «Асыл ана – келінге пана» атты калалық байқауда ансамбль мүшесі Ермағамбетова Бидаш келіні Бекболатқызы Айым екеуі қатысып, I орынды иеленген. «Қарттарын қадірлеген ел ардақты» атты калалық әжелер байқауында Нұрмаханова Сәнтай I орын алып, көш бастаған. 2016 жылы ансамбль мүшесі, өнерлі

БАЛАҒА МҰРА ҚАЛДЫРҒЫҢ КЕЛСЕ, ӨНЕР ҮЙРЕТ



Соңғы жылдары ұлт мұрасы ұрпақтар сабақтастығында көрініс тауып келеді. Қызылордалық Бегдат Жақып – колөнер, ұсталық пен зергерлікті атадан балаға мирас етіп келе жатқан кәсіпкер. «Әулетімізде бұл өнер төртінші ұрпақ ретінде маған жалғасқан. Өтеу, Жақып, Нақып деген аттарымыз колөнерлікті кәсіп еткен. Әкеміздің есімі – Әліп. Ұсталықты да, зергерлікті де бала кезімде әкемнен үйренем.

Кенес үкіметі кезінде ұлттық дүниелердің бәрі жатық боп кетті. Зергерлер сол кезеңде халық жауына айналды. Бабаларымыз тығылып, ешкімге көрсетпей жүрген өнері маған қанмен дарыған екен» дейді зергер.

Айта кетейік, асортиментте белдік, зергерлік бұйымдар, саз балшықтан жасалған дүниелер бар. Ұлттық бұйымдарды жасауға арналған күмісті жан жақтан, соның ішінде банктерден немесе Астана қаласынан арнайы ресми дүкеннен сатып алады екен. Ұстанып ұсталық пен зергерлік жұмыстарының басы қасында болатын қолғанаты, көмекшісі – ұлы. Өзінің айтуынша, әкесінің жанында жүріп колөнерге қолы біраз жаттығып қалғанмен, студент болғандықтан шеберханада отыруға қолы бос бола бермейді.

– Тұрақты тұтынушыларым көбеюде. Бұрынғымен салыстырғанда қазір тапсырыс берушілер мен қызығушылар саны артқан. Тіпті қазақстандықтар ғана емес, басқа жақтан да тапсырыс беріп жатады. Мәселен, қамшыны көбіне әйел адамдар сатып алады және тапсырыс береді. Жалпы оны үйіне іліп қою үшін алып, киелі зат ретінде қарайды. Қамшының бөліктерінің бәрі табиғи өнімдерден жасалады. Үшқоныр ауылының тобылғысы мен бұқаның қайысынан құрастырамын. Ал зергерлік бұйымдарға қажет күмісті жан жақтан алдырамын.

Сазсырнайдың сазы – өзіміздікі. Керамика, яғни, қиып материалмен бұйым жасайтындар топырағын Өзбекстаннан, Алматыдан алдырамын. Мен Сыр елінің балшығын пайдаланудамын.

Сазсырнайды, үскірікті көбіне кішкентай балаларына ойыншық ретінде тапсырыс береді. Мысалы, үскірікпен ойнауға, әуен шығаруға жоғары музыкалық қабілеттің қажеті жоқ. Телефонға үніліп, дүкеннің пластмасса ойыншықтарына танданбайтын балаларға ойын ретінде де, зейіні мен музыкалық қабілетін дамыту үшін де үскірік таптырмас құрал болмақ. Әсіресе, соңғы кезде үскірікке тапсырыс беретіндер қатары артуда. Балам дамысын деген жас ата-аналар жақсы тандау деп ойлаймын, – дейді ұста.

Колөнерші кәсіпкердің ұсталық пен зергерлікпен айналысып жүргеніме биыл отыз үш жыл толыпты. Жан жақтағы колөнер саласының жаңалықтарына құлақ түріп, түрлі қалаға, әр қилы көрмелерге барып, халықаралық, республикалық



көрмеден ұлттық бұйымдары орын алатын ол жыл өткен сайын тұтынушының таламы нәні талап ететінін, қандай зат сұраныста екенін біліп жүретінін айтады. Тіпті колөнер бұйымдарын жасауға тың идея, жаңа өзгерістер де осындай колөнершілердің басы қосылатын көрмелерден кейін туындайды екен. «Адамда арман азайған ба? Жасымыз келген сайын ата-бабамнан мұра боп қалған колөнерді өзін де ұрпағыма, жастарға дарытып, шәкірт тәрбиелегім келеді. Колөнер, осы ұлы өнер үзілмес екен деймін. Әкелден балаға қалатын байлық пен мұра – ақша емес, өнер мен тәрбие болуы керек» дейді ол.

Аделина РАХМАН

ОҚИ ОТЫРЫҢЫЗ!

Мұндай жарыс дүниеде еш жерде болмаған жарыс еді. Шағын ғана ауыл аяқастынан әлемге әйгілі болды. Бұл жарысты ұйымдастыруға мұрындық болғандар ауылдағы Бәкір мен Ұзақ ақсақалдар еді. Қазақ тілін атадан қалған жалғыз мұрасты қорғайтын осы шынашақтақай елі шал салт-дәстүріміздің де білгірі еді. Газеттен немесе теледидардан қазақ тілін бұзып айтқандарды көріп, шыр-пыр болады да жүреді. Әттен, қасында тұрса ғой қамшымен тартып жіберер еді ондайларды. Өйткені екеуінің де мінездері шатақ. Қолдарынан не келсін, теледидарда тілімізді қор қылып тұрғандарды көрсек екеуі кезек-кезек дымын қоймай сыбап, ашуын басады. Сонымен, тіл жанашыры боп жүрген осы екі кісінің бастамасымен ауылда қазақ тілінің тазалығы туралы сайыс өтетін болды. Сайыс ережесі бойынша әр қатысушы бір тақырыпқа әңгіме айтады, сонан соң қазылар алқасының сұрақтарына жауап береді. Жеңімпаздарға мольнан жүлделер тағайындалатын болды.

Ұзақ шал: – Қазіргі жастар дүниеге жақын боп барады, ақшамен қызықтырмасаң мұндай жарысқа қызықпайды. Сондықтан жүлдеге ақшаны аямау керек. Мен қолдағы бар малымды салдым. Он сиыр, бес жылқы, екі түйе, – деді. «Оу, ақсақал, сонша дүниені несіне шашасыз?» дегендерге «Қазағымның тілінен бар малым садаға кетсін. Әйтеуір, мынадай тірлікке сәл пайдасы тисе болар. Мұны естіген Бәкір шал: – Әй бері кел, деп баласына: – Анау қорадағы малдан бес сиыр мен бес жылқыны ертең мал базарға апарып сат та, ақшасын дайындап қой, – деп тапсырды. Мәз болған баласы әкесіне сұрақ та қоймай атына міне салып, шаба жөнелді. Міне, нағыз таза қазақы тәрбие. Масаттанған Бәкір шал: – Қазіргі жастарға ақшалай бермесен малды қайда апарарың? Оның үстіне, қаладан келетіндер де болар деп нықтады. Делебесі қозған Сәбит деген жігіт балаларын боқтап-боралап жүріп бес сиыр, он қой сатуға көндіріп де оларға: – Шешелеріңе айтпаңдар деді сыбырлап. Бірақ жұртқа қарап: – Қатын шу шығарады-ау, бірақ тәуекел, қазақ тілінің садақасы, – деді насыбай атып жатып. Кешке сол Сәбит әйеліне осындай да осындай болды деп сонша малды неге сатқанын мырындап

жеткізген ғой. Сөйтсе анау алдыр-салдыр қатыны байына «Молодец» депті құшақтап. Ондай жауап күтпеген Сәбит көзінен жас шығып кетіп, өмірінде екінші рет қатынының бетінен сүйіпті. Бұл екі шалға риза болған басқа ауыл жігіттері де қосылып, бір қора мал жиналды. Мынашы көрген кей жұрт: – Әй, сендер Жүрсіннің ақындар айтысынан да асып түсейін дедіндер ме, – деп жатты бастарын шайқап.

Қойшы, сонымен келесі сенбіде жарыс басталатын болды. Қазылар алқасына Ұзақ әкей мен Бәкір әкей, зейнеттегі қазақ тілі мұғалімі Сағындық ағай және ауылдың радиосы атанған Айдаһар апамыз болды. Айтпақшы осы апамыздың шын атын ешкім білмей-ақ қойды. (Арасында бір еске түскенде айтармын) Бет қаратпайтын өткірлігінен болар, жұрт түгел Айдаһар апа

– машина, бірінші бөйге екеу – мотоцикл, екінші бөйге үшеу – екі миллионнан ақша, үшінші бөйге он – бір миллионнан ақша. Осы кезде галстук таққан бір жігіт ортаға шығып: – Бауырлар, – деді мен аудандық әкімдікте қызмет атқарамын, бірақ бұл жарысқа шақырусыз келіп едім. Мына ұйымдастырған шараларыңызға риза боп қатысуды ұсынамын. Аудан әкімшілігі атынан бір жеңімпазға арнайы жүлде тағайындауға рұқсат етіңіздер, яғни аудан әкімшілігін жақсы жұмыс орыны беріледі. Мен кепілдік берем, – деп, қойды риза болған ол. Мына жүлделерді естіген жұрт тоқтаусыз көп соқты. Алдыңғы қатарда отырған кемпірлер көздеріне жас алып, шүкір-шүкір деп жатты.

Жарыс басталар алдында ауыл әкімі ережемен таныстырды. – Ағайындар, –

лайық деп тапты. Сайыс барысында қызық та болды. Қаладан келген бір жігіт жас немен көп қарны бар екен. Өзі қымбат машинамен келді. Шамасы не дөкейлің, не бизнесменнің баласы ау.

– Мен Қызылорда қаласынан келдім, – деді ол. Сол кезде-ақ аузы аздап бір жағына қисая бастады. Ол қазылар алқасындағы Бәкір әкейге қарап – Сіздің отчествоныз қалай, – деді шіреніп. Аузын жимай жатып қаттырақ қисайды. – Әй, бала, әкемің атын қайтесің, ал әкем аты Құлжан, басым көктақ қоятын болсаң – деп шак ете қалды Бәкір әкей. Сол кезде Ұзақ әкей – Жігіттер, естерінде болсын қазаққа көзіңе әкесің атын айтпайды. Біз орыс емеспіз ғой, деп еді ана жігіт: – Бақир Құлжан ұлы айтынышы, мына безграмотный шалға кезең кезде байғұстың аузы ырбылып кеткені сонша тіпті сөйлеуге келмей қалды. Абырой болғанда ауылдағы фельдшер Достяра ағай келіп укол салып, аузын әрең қалпына келтірді. Қаладан келген екінші жігіт шығып сөйлей бергенде ауылдағы Әсия деген жемізі кіріп келді. Қолында жеті желпегі бар. – Жұрттың бәрі осында екен ғой, құдайы күлше суып қалмай ауыз тиіндер, – деп тарата бастады. Отырғандар қабыл болсын, деп жатыр. Шелектің біреуін қаладан келген екінші жігітке беріп еді ол алып, – рахмет женгей, – деді. Жұрт қыран-топан. Ұзақ әкей әлгіге: – Әй, балам, сен үйіңе қайта бер, келер жылы келерсің, бірақ қазақтың салт-дәстүрін оқып, көңілге тоқып кел, – деді. Тіл тазалығы сайысы кешке қараңғы түсе аяқталды. Жүлде алғандар өте көп болды. Ел-жұрт түгел риза болып тарқасты. Жұрт жабылып, келіп аппарат оялап тапқан оқушы Ермекті кезек-кезек бетінен сүйіп жатты. – Мынадай білізгіктен жоғарыдағы қазақша білмейтін дәуірлерге бір-бірден қолына тағып қоятын екен, – деді ауылдағы Темеш деген жігіт. Сайыстан соң Ұзақ әкеміз тебіреніп: – Дәл мынадай керемет болады деп ойламап едім, ұзағынан сүйіндірсін, тәуба – деді. – Құдайға шүкір, халқымыз аман болсын, – деді Бәкір әкеміз көзін сүртіп жатып. Енді болмағанда қазақтың тілі мен дәстүрін құрға жаздапты ғой кейбіреулер, – деді Айдаһар апа.

Күнімханның кейесі

Ерекше жарыс

деп кеткен. Ашуына тиген адамның «аузына бәлен» қылатын ескі әдеті болатын. Оған жұрттың құлағы үйреніп кеткен. Содан жарыс басталды. Ауылға ығы-жығы адам мен машина толып кетті. Мұны көрген бір шал: – Сайлау өтейін деп жатыр ма? – деп танқалды. Мұнша адамды тек сайлауда ғана көрген байғұс шал қайтсін енді. Сайысты зейнет демалысындағы қазақ тілі мұғалімі Сағындық ағай ашты. – Ағайындар, деді ол елге қарап, – қазақ үшін тілімізден үлкен байлық жоқ. Заман өте келе сол атадан қалған асыл да көркем тілімізге бөтен сөздер араласып, бұзыла бастағанын көріп жүрсіздер. Сондай сорақылыққа шыдай алмаған азаматтар тіл тазалығын сақтау мақсатында осындай жарыс ұйымдастыруға бел байлады. Микрофонды ауыл әкімі алды.

– Бауырлар, – деп бастады ол, – бұл сайысты ұйымдастырған Ұзақ әкеміз бен Бәкір әкеміз, Сағындық ағай және Айдаһар апа және Ханшайым апа болса, Бекназар, Турдыәлі, Әйтжан, Сәбит ағаларымыз қоштап, демеушілік жасады. Енді бас байге біреу

деді ол, – Жарысқа қатысушы әуелі қолына арнайы білезік киеді. Ол білезік компьютерге қосылған. Егер қатысушы сұрақтарға дұрыс жауап берсе өз өзгеріс болмайды. Ал егер сөз арасына басқа тілден енген, салт-дәстүрімізде жоқ сөздер араласса қатысушының аузы бір жағына қисая бастайды. Демек, ол жеңілгенді білдіреді. Бұл аппаратты оялап тапқан ауыл мектебінің онының сынып оқушысы Ермек ініміз. Нәтижесін қазір сайыс барысында байқайсыздар, бәріңізге де сәттілік тілейміз.

Әуелі ауыл жігіттері бастады. Жақсы айттып келе жатқан жігіттің бір кезде аузы сәл қисая бастағанда, кілт тоқтады. Сөйтсе ол орыстың «пока», «значит» деген сөздерін қосып айтты. Мойындаған ол: – Армиядан қалған әдет қой, – деді күліп. Келесі жігіт те «почти, уют» деген сөздерді қосып қойып, аузын қисайтып алды. Жұртты таңқалдырған көп жыл күрші егіп, трактор айдаған Бағдат деген жігіт болды. Қазақ тілінен, салт дәстүрден барлық сұраққа мүдірмей жауап берген оны қазылар алқасы бас байге

Жуырда № 212 мектеп-гимназиясында «Book time – 2024» атты мұғалімдер арасында кітап оқу сайысы өтті.

ОҚУҒА ҚҰШТАР МЕКТЕП



Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Меруерт Жүнісқызы бұл сайыстың маңызын атап өтті.

– Білім тек қана кітап арқылы берілетінін ұғындыру арқылы жас ұрпақты оқуға құштар ете аламыз. Кітап арқылы ғылым мен білімді игеруге болады. Бұл ғасыр біліктік емес, білімнің ғасыры, – деді ол.

Сайыс үш кезеңнен тұрды. «Read» кезеңінде үміткер өзі оқыған кітапты өзгеге ұсыну арқылы автор мен оның шығармасын оқырман жүрегіне жеткізу керек. Алған әсерін бөлісу арқылы оқырман мен оқушыға қолжетімді тәсіл ұсынады. Бір топ «marcanta» бағдарламасымен кітапты қайдан алуға болатынын ұсынса, келесі топ автордың бірнеше шығармасы орналасқан QR жабыстырғыш ұсынды.

Келесі «Booktrailer» кезеңінде кез келген еркін немесе көркем түрдегі кітап туралы баяндайтын қысқа бейнеролик дайындау арқылы шығарманың мазмұнымен таныстыру керек. Бұл кезеңде сезім туралы шығармалар да, тарихи оқиға арқау болған көріністер де қойылды.

Ал «Кім тапқыр?» кезеңінде бірлестік топтаса отырып, он сұраққа 1 минут ішінде жауап берді. Түрлі суреттерді біріктіріп, автор мен оның шығармасын таныстырды.

Байқау қорытындысында тарих және құқық пәні бірлестігі I орын, бастауыш пәні бірлестігі II орын, ағылшын пәні бірлестігі III орын иеленді.

М.САГИ

ТҰРМЫСҚА ЕМЕС, КҮЙЕУГЕ ШЫҚҚЫМЫЗ КЕЛЕДІ...

«Үйлену өз құқыңды екі есе азайтып, міндетіңді екі есе арттыру» деген тәміс бар. Отбасын құрып, біреуге жар, біреуге келін болған соң құқығы екі есе азаймақ түгілі, аяқасты болып, тапталатындар қаншама. Бұған қазақстандық әйелдердің физикалық, психикалық қысым көру оқиғалары дәлел. Жыл сайын елде тұрмыстық зорлық-зомбылықтан 300-ге жуық әйел зардап шексе, кемінде 80 әйел қайтыс болады екен. Аймақтағы зорлық-зомбылық статистикасына тоқталсақ. Өткен жылы Қызылорда облысында жыл басынан бері тұрмыстық зорлық-зомбылықтан 1886 адам зәбір көріп, полициядан араша сұраған. Отбасының берекесін қашырған 152 адам сот шешімімен қамауға алынып, тәртіптік шараға тартылған. Бұл тіркелгендері ғана. Жалпы өңірде әйеліне әлімжеттік көрсету деректері алдыңғы жылмен салыстырғанда 20 пайызға өскен.

Қыздардың отбасылы болуға асықпау себебі бір емес, бірнешеуі секілді. Бұрын қыздар күйеуге шыққан кезде материалдық, яғни, қаржылық еркіндігі жарына тікелей байланысты болатын. Ал қазір қыздар жігіттерден артық таппаса, кем таппайды. Әрдайым заманға ілесіп, тұлға ретінде дамуға тырысады. Әр бес қыздың біреуі шетел көрген. Білімі де жетік. Осындай жағдайда қыздарға жай ғана материалдық жағынан қамтамасыз ететін «асыраушы» емес, жанын түсінетін, тыңдай алатын, қолдау көрсететін, шынайы сүйе алатын жан керек сияқты.

санын арттырып керекі не? Балаға өмір сыйлайтын адам оған бақытты, саналы, сапалы өмір сыйлай алатынына сенімді болуы тиіс деп ойлаймын. Сондықтан неге қазір көпбалалы ана аз, неге кештетіп бала көтеруде деген сұрақтар орынсыз» дейді 26 жастағы жас ана Ғазиза Імәдетқызы.

Айта кетейік, жыл өткен сайын пандемия кезіндегі «демографиялық дүмпу» басыла бастаған. Мәселен, былтыр қаңтар-қыркүйекте туудың жалпы коэффициенті 1000 адамға шаққанда 19,5 көрсетсе, 2022 жылдың осы кезеңінде ол көрсеткіш 1 000 адамға 20,4 болыпты. Санак жүрген жылы сауалнамаға қатысқан 2002-2026 жылдары туған 15-19 жас аралығындағы қыздардың 27,1%-ы «келешекте неше баланы өмірге әкелуді қалайсыз?» деген сұраққа 1 бала деп жауап берген. Ал 31,8%-ы – екі бала, 17,1%-ы – үш, 16,9%-ы төрт бала жоспарлайтынын айтса, 7,1%-ы «бес немесе одан да көп» деген жауапты таңдапты.

НЕ ҮШІН ҮЙЛЕНУ КЕРЕК?

Үйленудің дінде де, мемлекет демографиясында да, тұлға ретінде дамуға да маңызды таңдау екені белгілі. Алайда отбасын құру ойыншық емес. Бір айлан соң ажырасып кете салу немесе балаларды ата-анасыз қалдыру жауапкершіліктің жоқтығын көрсетеді. Тұрмыстық қажеттіліктердің бәрін жаңа технологиялар орындауда. Киімді жуу да, ыдысты, үйді тазалау да құрылғының бір батырмасын басу арқылы адамның физикалық күшін қажет етпейтін дүниелерге айналды. Тіпті Илон Масктың «робот әйелі» физикалық



(шытырман оқиғалы әңгіме)

Осы жазбаны қолына алған оқырман, алдағы он минуттың өзін өміріңді өзгертуге мүмкін. Бірақ он минутта менімен бір жыл бірге болғандай күй кешсеніз, сезіне алған жүрегіңізге алғыс айтамын.

Сонымен...
Бұл оқиға сонау 2017 жылдың көктемінде болған еді. Балмұздақ боп алған оқуға аттанып, арман қуып келген жиырма жүрек пен жиырма үміт төрт жыл бірге қызықты да, қайғыны да бөлісе қабылдап, ересектік өмірдің тұсауын кесуге таяған-ды. Бітіруіміздің құрметіне группамыздың филологтар боп өзіміз мүлде көрмеген, ерекше өлкеге барғмыз келді.

Әлі есімде. Таңатар бірінші боп Батыс Қазақстанды ұсынды. Айнаш өз ауылын ұсынды.

– Бурабайға барайықшы!
– Бізге әдемі емес, ерекше мекен керек.
– Таразды көріп қайтсақ ше?
– Арал теңізіне барсақ ше?

Осылайша ұшы-қыры жоқ сұрақ-жауаптың соңында алдымен Аралға, сосын Батыс Қазақстанға баратын боп шештік.

Әлі есімде. Жиырмамызды наурыз еді. Жұрттың бәрі «ешек пойыз» деп жек көрсе де, студенттер үшін ешбір пойыздан кем түспейтін «Манғышлақ» пойызына жиырма адамға билет алдық. Өйткені әдеттегідей бағасы арзан еді.

«Назар аударыңыздар, құрметті жолаушылар! Алматы-Манғышлақ бағытындағы жүрдек пойыз бірінші жолға кеп тоқтады». Жиырма адам жапа тармағай бір вагонды басымызға көтеріп, орындарымызға жайғастық. Ернардың гитараны сүйемелдеуімен Шәмшіні, Молданазарды, Цойды, Бастаны шырап, бүкіл әнін тауысқандай болдық. Отыз екі сағат. Алматыдан шыққанымызға тура отыз екі сағат болғанда Арал қаласының вокзалына жақындаған едік.

Гитарамызды, домбырамызды құшақтап, тамақ салған дорбаларымызды алып, қыздар боянып, киім ауыстырып, сапарымыздың алғашқы аялдамасына жақындаған сайын жүрегіміз кеудемізден шығып кетердей атқақтап, бәріміз де жаңа мекенге жеткенше асық болдық. Наурыздың жиырма екісі, сағат он жарым. Арал қаласы.

Арман мен үмітке, ғажайыпқұмар жүректерге тұншыққан сегізінші вагон жиырмамыздан босап қалды. Пойыздан түсіп, заттарды көтерген физикалық қысымнан ба, терлеп кеткен едік. Сырт киімдерімізді алдын ашып, біріміз шешіп, вокзалдан созылып, бірімізді тосып, әрең шықтық. Бізді күтіп тұрған гид те жоқ. Қартаны қосып алдық та, Алматыда жүріп тапсырыс берген бір апталық пәтерге қарай такси ұстадық.

Шың мәнінде бұл жақтың желі қатты боп шықты. Көктемнің алғашқы айы болса да, Алматы бұл мезгілде бізді тондырмайтын. Көшелерде, орталық мәдениет үйлерінің алдында наурыз көже дайындап, мәрс-сәре болған халық. Кешкілік көшелерді аралап, күндіз барған кәсіпден алған әсерімізге тойып, көп тамақтанудан калыпша. Өзіміз таңдап келген Арал қаласындағы алғашқы күніміз осылай бітті. Таңертең біріміз теңізге аттанатын болған соң киімдерімізді, фотоаппаратты дайындап, ерте ұйықтадық.

Таңғы алтыда оянып, шайымызды іштік. «Таңғы ас Тәңірден» қыздардың айтуынша. Жергілікті тұрғындардың көңілі таса, ашық жандар екені жүздерінен білінеді.

Әлі есімде. Өзі аса үлкен емес, шағын қаладан шет жаққа қарай теңіз маңайына шыққанбыз. Бұл жақтағылар өздері тек балық аулап, жазда шоғылып жүретіндіктен, теңізді көруге келгенімізге танқалды. Біртүрлі көзқарастарды байқадық. Ешкім арнайылап теңізді көруге келмейтіндіктен бе арнайы туризмдік орталық та, арғы бетке өтетін қайықтар да жоқ екен. Бар жоғы үш қайық бар. Олар да жергілікті тұрғынның бірі,

балықшы Ерік ағайға тиесілі. Біз оған азды-көпті ақша төлеп, бөлініп мінбек едік. Өзі де көп адамға арналмаған, шағын қайықтарға алты адамнан ғана сияды. Үш қайыққа он сегіз адам мінгесіп, арғы бетке қарай бірінен соң бірі аттана бастады. Біз Гүлдилар екеуіміз ғана сыймай қалдық. Сыймай қалғанда, мінгесу салуға қайық тым жұқа әрі көлемі де шағын еді. Сонымен алғашқысы оралғанша екеуіміз тоса тұрдық. Кенет біздің ниетімізді білетін теңіз жақтағы үш үйдің бірінен мектепке әлі бара қоймаған, кішкентайлау бала жүгіріп шығып, үйінде жұрттық қайық бар екенін айтты. Біз сол қайықты әкеліп, ерінбей, айналаны тінтіп, барлық мата, ағаштарды жапсырып, өзімізге жарамды етіп алдық.

Гүлдилар тамақ салған сөмкені алдына алып, отырды да, мен ескектен есіп, жылжытып келемін. Біраз уақыт өтті. Достарымның зерттеуі бойынша теңізден шығысқа қарай бағыт алып жүре берсең, теңіздің екіге жарылатын тұсы бар. 750 шақырым. Соңша ұзындықты артқа қалдыруға бір сағаттай кетеді.

Яғни ағатқы Жак Ив Кустоны таңдандырған Жерорта теңізі мен Атлант мұхиты суының бір-бірімен тоғысар тұста, қосылмай, екі бөлек бөлініп ағуы сияқты құбылыс Арал теңізіне де бар екен. Жартысы ағарыңқырап тұрса, жартысы көкпенбек боп теңіздің өзінде күйге еніп тұрады. Бұл туралы бір балықшының бейнежазбасынан көріп, өзіміз де көрмекке асыққанбыз.

Гүлдилар екеуіміздің оны-мұны қозғап, студенттік өмірді еске алып уақыт өлтіріп келе жатқанымызға бір сағаттай болды. Бірақ әлі де жолайырық көрінбейді. Екі түрлі теңіздің тоғысқан тұсын таба алмай келеміз. Кенет жасыл ағаштар, енді гүлдеп бастаған сирень гүлдердің бір жағалауды түгел алып, көрік беріп тұрғанын байқадық. Әрі-бері айқайлаймыз, алайда достарымыздың өздері де, қайықтары да көрінбейді. Тым құрыса саусақпен санарлық үй де жоқ. Балық аулаған тірі жан да жоқ. Не істерімізді білмей дал болып, меніреу үнсіздіктен өзіміз шошына бастағандаймыз. Гүлді тоңып қалғанын жасырып, сөмкені ақтарып, тыпыршып келеді.

– Тондың ба, Гүлді?

– Жоға, Айбош (Айберген деген атымын Алматыға келгелі қысқарғаны осы). Шамалы уайымдап тұрмын, достарымыз телефонын үйге тастап, тек фотоаппарат алып шықты. Бірақ келмеген аралда аласып қалсақ ше? – Қорықпашы. Қарашы, мына жағалауда үй көрінбесе де, сондай әдемі. Осында тоқтап, кішкене ауқаттанып аламыз ба?

Қайықты әлдебір ұзын жіп сияқты жұқарған көне арқанмен жағалаудағы талдың біріне байлап, тамақтарымызды алып, отыратын әдемі жер іздедік. Бұл жер құлды Арал емес сияқты. Сондай әдемі, мынау бір сәтке тынышмайтын тіршіліктен ада, тыныштық музыкасын ойнаған құстар мен көлеңкесін ұсынған сыпайы ағаштардың, адамдарсыз әдемі әлемі сияқты. Фотоаппаратқа әр сәтті сақтап алғым келді.

Көктемнің жеңіл желі мен көңілге желік сыйлайтын тұнық ауасы жүректі шайлықтырған үрейден арылттып, асықпай тамақтанып, Гүлдимен әңгіме айтып отырдық. Уақыт екі-үш сағаттай алға жылжығанда орнымызды жинастырып, қайтадан қайыққа мініп, кері жүріп, үйге қайтайық деп шештік. Достарымызды таппай, одан әрі өзіміз адысып қалсақ деген қауіпті ой келді.

О, құдай... Гүлдилдің даусынан шошынып, дереу қайыққа қарасам, қайық жоқ. Көзге көрінерлік теңіз бетінің бір жерінде болайшы. Жоқ, атымен жоқ. Бір адам алып кетті ме деген ойым да негізсіз екенін түсіндім. Бұл мекенде бір қара қуыс үй де жоқ. Адам да жоқ. Сирень мен жасылдана бастаған ағаштардың ар жағынан кішкене ауылдың орны ма, әлде балықшылардың мекен жайы ма, мұнартады.

Енді не істейміз? Қалай қайтамыз? Бұл қандай жер? Қалай аяқталмақ мұның бәрі? Екеуімізде үн жоқ, бірақ көкіректің үрей сайрап тұр.

Мұнартан мекенге қарай жетіп алмаққа бекініп, тамақ салған дорбаны көтеріп жүре бердік. Үйлердің орны ма, әлде ескі қорымдардың орны ма, саздан жасалған секілді құлайын деп шак тұрған сұлбалар. Екеуіміз қорқып тұрмыз. Дегенмен жігіт екенімді білдіріп, дымдымыз шығармай келемін. Әлгі тарихтан өтетін сақтардың, ғұндардың қонысындай кілең төбешік саздауыт үйлер. Опырылып құлап, жартысы қалған ескізден ары өтуге жүрегім дауаламады. Гүлдилдің қолынан ұстадым да, алғашқы қадам жасап, ескі қалашыққа қадам бастым. Қалашықтың іші адам қолданған заттар, тозығы әбден жеткен төсек орындар, тамақ пісіретін ыдыстар. Енді жүрегім тыныштықпен келесі қадамды еркін басқалы жатқанда, көз алдыма делісімшарт жасасуға келген жыландар қауымдастығындай мысылданған сұр жыландар қаптады да кетті...

Сол мезетте жыландардың мазасын алған екенбіз-ау. Ашқарқ көңіл дүниені түгел иемденгісі келді-ақ. Алайда Аралдың суын азайтқан да, жануарлар дүниесіне тыныштық бермей, тінктен де екі аяғы жаратылыс емес пе? Арал суының тартылуы адамзат көңілінің тарыққанынан емес пе осы? Иә, мойындайық, біз жоқ жердің бәрі әдемі...

Төлеген МӘДЕЛХАНҰЛЫ

Беттің суреттері ашық дереккөзден алынды.



«Тұрмысқа» емес, күйеуге шыққымыз келеді. Қазақ жігіттерінің бәрі бірдей демеймін. Бірақ көбіне тамағын дайындап, кірін жуатын екінші «ана», әке-шешесіне қарайтын көмекші керек. Отбасылық өмір екі адамның бірге таңдау жасау, бірге шешім шығару, бір-бірін тыңдауынан тұратынын ұмытып кететіндей. Алайда біздің жігіттердің көбісі әйелін сыйлауды жігіттік емес, ұят деп санайды. Асхана әйелдің ісі деп біледі. Осыдан келіп қазақ қыздары неге шетелдік азаматқа күйеуге шығатыны түсінікті. Себебі әйелге ақшадан бұрын сүйікті болу, қолдау керек, – дейді Ақтоты Айтальқызы.

«ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ДҮМПУ» ДЕ БАСЫЛДЫ

Айта кетейік, осы жылы демографиялық жағдай да біршама төмендеген. Ел тұрғындарының отбасылық-некілік қатынастарға деген көзқарасы өзгергені шаңырақ құратын жастың ұлғаюы, некеге дейін бірге тұру, үйлене сала ажырасу, сәби сүюді кейінге ысыру және тағы да басқа да себептерден байқалады.

Экономикалық зерттеулер институтының мәліметінше, 2012 жылғы демографиялық көрсеткіште жігіттер орта есеппен 26 жасында үйленген болса, 2022 жылы шамамен 28 жаста осы шешімге келген. Осыған сай тұңғышын өмірге әкелетін ана 25,5 жаста саналса, Астана мен Алматыда 27 жасты көрсетіп отыр. «Жыл сайын бір бала туатын заман емес. Материалдық жағдай туралы айтып тұрған жоқпын. Әр ата-ана бала үшін барын беріп, жасай алмайын деген нәрсенің өзін жасап, қол жеткізе алады. Бұрын баланы жоспарлау туралы білім болған жоқ. Баланы жоспарлау дінде де бар. Біріншіден, дүниеге келген балаға бар уақытыңды бөліп, қысым жасамай, физикалық, психологиялық денсаулығына жауапкершілік ала алмасаң, екіншіден, материалдық жағынан қамтамасыз ете алмайтын болсаң, тағы бір өзіне сенімсіз, бақытсыз адамның

жағынан өмірдегі бір емес, бірнеше әйелдің орнын баса алады. Қыздар да өзін қаржылық жағынан қамтамасыз ете алады. Тұрмыстық, қаржылық қажеттіліктер өтеулі десек, адам не үшін үйленуі керек? Ұрпағын өрбітіп, артына із қалдыру үшін бе? Әлде қатарластарынан қалмай отбасылы атану үшін бе? «Жалғыздық Құдайға ғана жарасады» дейді дінге құлақ түрер болсақ.

– «Әр нәрсенің сұрауы бар. Яғни дін тұрғысынан айтар болсақ, кез келген мақсатқа қол жеткізу үшін алдымен ниеттену керек. Ал үйленген жігіттерден не тұрмысқа шыққан қыздардан «Не үшін үйлендің? Үйленудегі ниетің қандай?» деп сұрасаң, көбі үнсіз қалып, ойланп кетеді. Расымен не үшін үйленгенін өзі білмейтіндер бар. Немесе «енді ата-анам қарайтын келін керек болды», «құрдастарымның бәрі отбасылы болды, мен ғана қалдым», «жұрттың қашан үйленесің деген сұрағынан құтылатын болдым», «оқуымнан келгенде тамағым дайын, мені күтіп отыратын адам болса ғой деп армандадым» деген түрлі нұсқаларды көруге болады. Ал «махаббатпен не жақсы көргендіктен үйлендім» дейтіндер аз. Қыздардың да нұсқалары шамамен осындай.

Яғни әрбір үйленуді ниет еткен немесе қарым-қатынаста жүрген, бірақ әлі отбасылы емес адам осы сұраққа жауап таба білуі тиіс. Егер тамақ істеп, киімнің жуатын үй қызметшісін іздесең, ниетіңді өзгерт. Бай жігітке күйеуге шығып, әрі қарай жұмыс істемей үйде отырамын десең, қайтадан ойлан. Иә, шынымен де не үшін үйлену керек? «Жалғыздық Құдайға жарасқан» десек те, әр адам отбасылы болғанына қарамастан жалғыздықты сезінеді. Яғни балалы болса да жалғыз, үйленбеген болса да жалғыз. Мәселе – адамның ешкімге қаржылай, эмоционалдық, психикалық жағынан тәуелсіз бола тұра өзін бақытты сезінуінде. Яғни жалғыз жүріп бақытты бола алған адам ғана өзге жанды бақытты ете алады, онымен бақытын бөлісе алады. Тойда «бақытты болам деп емес, бақытты қылам деп бар» деген тілекті жиі айтамыз. Алайда әр адам өзінше жеке бақытты бола білу керек, – дейді коуч, психолог Ақан Мергенбай.

Аделина РАХМАН

Басы 1-бетте

Меншік иесі:

СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директорының міндетін атқарушы
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан ӘЙІМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тірлеу нөмірі №17657-Г.

«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Атқасыз 2 рет, сәйкесі, сенбі күндері шығады. Жарияланған материалдарды пікір редакция қозғарысымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «АШ» баспа үйі ЖПС сенімгерлік баспа орталығында «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242)40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.

Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 2973 Тапсырыс №325

Нөмірдің кезекші редакторы Марина САҒИДАТБЕК